

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Филология сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия филологическая

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

---

№2 (170)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018



# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №2 (170)

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н.Ю. – ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбдіманұлы Ө. – ф. ғ. д., профессор (ғылыми редактор)  
(Қазақстан)

Күркебаев К.К. – ф. ғ. к., доцент (ғылыми редактордың  
орынбасары) (Қазақстан)

Таева Р.М. – ф. ғ. к., доцент (редактордың көмекшісі)  
(Қазақстан)

Алинтаева Л.Т. – ф. ғ. к., доцент м.а. (редактордың  
көмекшісі) (Қазақстан)

Джолдасбекова Б.У. – ф. ғ. д., профессор, ҰҒА  
корреспондент-мүшесі (Қазақстан)

Қарағойшинева Д.А. – ф. ғ. к., PhD (Қазақстан)

Мадиева Г.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Донна Орвин – доктор, профессор, Торонто университеті  
(Канада)

Евдокимова С.Б., PhD, доцент, Браун университеті (АҚШ)

Жаң Жин Жин – доктор, профессор, Пекин ұлттық  
орталық университеті (Қытай)

Кибальник С.А. – ф. ғ. д., профессор, Орыс әдебиеті  
институты (Ресей)

Морхье Пост – PhD, доцент, Берген университеті  
(Норвегия)

Насне Йылдыз – доктор, профессор, Гази университеті  
(Түркия)

Риверс Уильям П. – доктор, профессор, Ұлттық кеңес  
және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық оқыту (АҚШ)

Сэт А. Агбо – PhD, доцент, Лейкхэд университеті (Канада)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Кенжекканова Қ.К. – PhD (Қазақстан)

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жариялауға арналған.



ҚАЗАҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
БАСПА ҮЙІ

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүльмира Шахкозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүльмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Керімқұл Айдана

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

ИБ № 12062

Басуға 08.06.2018 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 21.3 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс № 3780. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

1-бөлім  
**ӘДЕБИЕТТАНУ**

---

Раздел 1  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ**

---

Section 1  
**LITERARY CRITICISM**

**Баязитов Б.Б.<sup>1</sup>, Хуатбекұлы Е.<sup>2</sup>,**

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің  
<sup>1</sup>оқытушысы, <sup>2</sup>PhD докторанты,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bbaqyt@gmail.com, erema\_k91@mail.ru

## **ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Роман күрделі жанр. Қазақ романының бастау бұлағы, бүгінгі арнасы заман талабы мен уақыт сынына лайық бет-бейнесін тапқан. Роман туған қоғам мен сол дәуірдің тынысын көркем бейнелеп бере алуымен құнды. Зерттеу нәтижелері роман жанрының өз кезеңінің идеялық, эстетикалық ұстын ұстанымдары шеңберінде дамып, түрлі ізденіс іздерін қалдыратындығына көз жеткізеді. Бұл көбіне шығарма туған орта мен дәуірдің тарихи, әлеуметтік, саяси, идеологиялық қалыптасқан санасы мен үстем ой-пікірлерінің эстетикалық мазмұнға айналып жалпыадамзаттық құндылықтар шегінде танылатынын көрсетеді. Шығармадағы мезгіл мен мекен, уақыт пен кеңістік ұғымдарының тарихи жағдаймен сабақтас келетіні анық. Қазақ романындағы түрлі ізденістер қазақ романы туралы жазылған еңбектерді талдау, салыстыру барысында анықталды. Алғашқы қазақ романы туралы жазбалардан бастап қалыптасқан роман сынын ескере отырып, роман жанрында заман беталысының өзгеруіне орай туған ізденістер өміршеңдігі тұрғысынан бағаланды. Нәтижесінде жалпыадамзаттық мұраттар қай дәуірде де бір болғанымен, әр кезеңде түрлі сурет пен көріністерге ие болатынын дәлелдеудің қажеті жоқ. Көркем туындының сюжеті мен композициясы сол сурет пен көріністерді жүйелеп, бейнелі тілмен баяндап жеткізуден ғана құралмақ.

**Түйін сөздер:** роман, идея, мазмұн, ізденіс, эстетика, ұстаным, уақыт, кеңістік.

Bayazitov B.B.<sup>1</sup>, Huatbekuly E.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>teacher, <sup>2</sup>doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bbaqyt@gmail.com, erema\_k91@mail.ru

### **Investigations on research in kazakh novels**

The novel is a complex genre. From the very beginning of the foundation and up to the present day, the Kazakh novel reflects the temporary realities of its era. The novel is valuable in that it is able to describe artistically the society in which it was born, and the features of its time. The results of the research show that the genre of the novel develops within its ideological, aesthetic and theoretical basis. This often shows that historical, social, political, ideological consciousness and the prevalence of the context of the era are recognized as an aesthetic content within the framework of universal values. Undoubtedly, the concepts of condition and place, time and space are connected with the historical situation. In the course of the analysis, work was carried out comparing and describing various works relating to the genre of the novel. Given the novelty of the genre of the Kazakh novel, we evaluated its features from the point of view of viability in the face of changing trends. Thus, there is no need to prove that universal ideals at the same time can have different images and scenes at each stage of their development. The plot and composition of the works are used only to illustrate and depict these images and scenes.

**Key words:** novel, idea, content, search, aesthetics, position, time, space.

Баязитов Б.Б.<sup>1</sup>, Хуатбекұлы Е.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>преподаватель, <sup>2</sup>PhD докторант

Казахского национального университета им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bbaqyt@gmail.com, erema\_k91@mail.ru

### Исследования о поисках в казахских романах

Роман – сложный жанр. С самого начала основания и до сегодняшних дней казахский роман отражает временные реалии своей эпохи. Роман ценен тем, что способен художественно описывать общество, в котором он был рожден, и особенности своего времени. Результаты исследований показывают, что жанр романа развивается в рамках его идеологической, эстетической и теоретической основы. Это чаще всего показывает, что историческое, социальное, политическое, идеологическое сознание и преобладание контекста эпохи признаны эстетическим содержанием в рамках универсальных ценностей. Несомненно, понятия условия и места, времени и пространства связаны с исторической ситуацией. В ходе анализа была проведена работа по сравнению и описанию различных работ, касающихся жанра романа. Учитывая новизну жанра казахского романа, мы оценивали его особенности с точки зрения жизнеспособности в условиях изменения трендов. Таким образом, нет необходимости доказывать, что универсальные идеалы в одно и то же время могут иметь разные образы и сцены на каждом этапе своего развития. Сюжет и состав работ использованы только для иллюстрации и образного описания этих образов и сцен.

**Ключевые слова:** роман, идея, содержание, исследование, эстетика, принципы, время, пространство.

### Кіріспе

Уақыт тынысы кім-кімді де өзінің қоғамдық, әлеуметтік жағдайларына сай мақсаттарына қызмет еткізерлік құзыреттілікке ие. Осы жөнмен зерттеу нысанына назар салғанда, өмірдегі әр заттың өз орны болғандай, идеялық мәні де қатар жүретіндігіне көз жеткізуге болады. Мақалада қазақ романдарының ізденістері төңірегінде еңбектенуге негіз боларлық әдебиеттанушыларымыздың ой-пікірлері осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерінен алынып, XX ғасыр бас кезіндегі әдеби көзқарастардан бастап жүйеленді. Соның нәтижесінде ұлттық мұраттар мен жалпыадамдық құндылықтардың жазушы еңбегіндегі идеялық-мазмұндық ізденістерге ықпалы, сондай-ақ қызметі айқын көрінді.

Қазақ романы – тарихи даму барысында түрлі ізденістермен кемелдік жолына түскен әдебиеттің жанры. Халық өнерінің қайнарларынан нәр алған «ұлы әңгіме». Ел тәуелсіздігі жылдарында кеңес кезеңіндегі «бұғауынан босаған» еркін сөз үлгісі. Уақыттың қысымы мен «тыйым салынған тақырыптар» төңірегінде өнерге тән тынысымен жұрт тұрмысына дем берген қадірі бар. Тілімізде жарық көрген роман бастауы XX ғасыр басына тура келеді. Сол кезден қазақ романы жарысы ұйымдастырылып, бәйге тігіліп, роман теориясы жасалған. Қазақ әдебиеттануының қалыптасу, даму барысы да сол кезден.

Бүгінде қазақ әдебиетіндегі сүйекті жанрдың хал-күйі өзінің көркемдік ерекшеліктерімен, идеялық-мазмұндық ізденістерімен, сан тарау

жолдардан өткен. ыстық пен суыққа төзген жаңа сапа, жаңа биікте, кең өрісте кең тынысты түрге айналғанын көруге болады.

Роман жайлы зерттеу еңбектерге сүйене отырып, сөз өнерінің бүгінгі мәселелерін қарай келе, әр қандай мәнді дүниелерге уақыт тұрғысынан қарау қажеттігі, қоғам қажеттілігі, заман талабы жөнінен ой түйе, түсінік беруге қажеттілік табыларын байқау қиын болмас. Әсіресе, тарихымызда XX ғасырдың бас кезі саяси, әлеуметтік өзгерістерге, тұрмыс күйінің жаңа түріне көшуге тура келгендігінен, сондай-ақ, тап туралы түсінік орнап, белсенділердің шығуы, ел үшін күтпеген, шұғыл, әрі тосын жайт болғаны белгілі. Уақыт тынысын аңғарған оқыған азаматтардың, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғалардың ұлт үшін, бостандық үшін күресі бүгінгі тарих беттері. Сол себеп, өнер мен ғылым ретінде сөз өнері мен кешегі тарихтың байланысын бөле жарып қарауға болмас. Тарихи уақыт пен жағдаяттардың бүгін тұрғысынан бағаланары, сарапталары анық.

Әр уақыттың өзіндік ұстанымдары, идеалдары, мақсаттары, құндылықтары алғы шепте ойға оралары да бар. Сонда, жалпыадамдық құндылықтар негізін сақтай отырып, адамзат қоғамы өзінің қажетін сол кезең көзімен қарап, сол уақыт ойымен санасып, кейімен таласып, пікірлесіп табары, керегіне жаратары да түсінікті жайт.

Бүгін Қазақстан тәуелсіз ел. Тәуелсіз ел мұраты – өткеннен алған өнегесі, кейінгіге берер үлгісі бар жалғасты дәстүрдің ендігі уақыттағы.

алдағы дәуірлердегі, ұрпақ алдындағы борышы болған ел мен жерді, тіл мен ділді таза да, бұзылмаған қалыпта, тарихи қателіктерге ұрындырмай сақтау, аманатты қиянатсыз ертеңге жеткізу болса керек.

Ел өмірінің қажетті бөлшегі ретінде өнер салалары, соның ішінде сөз өнері де өзінің қалыпты даму барысында эстетикалық ойдың қалыптасып, адам баласының тынымсыз еңбегі негізінде жарыққа шыққан үлгі қабылдауға сеп қызметі аясында да, талғам таразысы ретінде де әсемдік әлемінің ерекшеліктері негізінде халыққа қызмет етері анық.

### Талдау

Роман жайындағы алғашқы мақалалардан бастап, күні бүгінге дейінгі зерттеу еңбектері саралай келе, әдебиет жанрларының тақырыбы мен идеясына көңіл бөлудің маңызы басым екендігі көрінді. Қазақ әдебиетінің туындылары қай дәуір тұрғысынан алып қарағанда да уақыт сынына төзімді, заман ауанын тап басқан, тарихилығы, деректілігі мол. Ел мұраты, мақсұды жолында, дәуірмен үйлескен, идеялық ұстанымдары жағынан мол дерек беретін жазба мұра.

Әлихан Бөкейхановтың «Роман не нәрсе», «Роман бәйгесі» мақалаларынан көш түзеген қазақ романы жайындағы, қазақ әдебиеті төңірегіндегі әдеби-зерттеу, сын-талдау еңбектері әрбір шығарманың идеясына, автор көзқарасы мен қоғамдағы жағдаяттардың, «адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна» (Ә. Бөкейханов) екендігіне баса назар аударып келеді. Әдебиет тарихына көз сала отырып, бүгінгі өсу жолдары мен даму бағыттарына тоқталар болсақ та, уақыт идеалдарына жүгіне отырып, ғылыми таным жөнінен негіздеріміз анық.

«Өткенді ақтау да, қаралау да бүгінгінің мақсаттарынан туады» деген Ғ. Мүсірепов сөзі әр заман идеалының қоғамға әсері, тұрмыстың күйі эстетикалық талғам қалыптастыру жолындағы қызметінің айқындығына жөн сілтеп тұрғандай. Ендеше қай заманда да маңызын жоймайтын идея мәселесі қазақ әдебиеттануында да қарастырылуы заңды.

Қазақ романының бүгінгі өрісі жалпы-адамдық құндылықтар мен ұлттық болмыстың тарихи жады көріністерінен қуат ала отырып, талғам таразысында тәуелсіз сана тарапынан бағалануда. Ендеше, әдебиетіміздің роман жанрындағы идеялық-мазмұндық ізденістерді

тарихи оқиғалардың хронологиялық тізбегі негізінде, көркем туындының тақырыбына арқау болған уақыт тұрғысынан жүйелеуге болады. Демек, «Дарабоз» романында баяндалатын уақыт Абылай хан заманынан басталып, тәуелсіз ел болғанымызға дейінгі уақыт тынысын қаламгерлеріміз қалай бағалады, қандай идеялық-мазмұндық ізденістерге барды. Әдебиетіміздің көркеюіне, өсуіне, дамуына бұл шығармалардың қосар үлесі қандай деген сауалдар төңірегінде жауап іздеудің өзектілігі талас тудырмайды.

Тәуелсіздік жылдары қазақ романы өз сұрлеуінен жана даңғылға түскендей тынысы ашылып, «тыйым салынған тақырыптар» «бұғаудан босаған» кез келгенін қаламгерлер қауымы алғашқылар қатарында сезінгенін байқауға болады. Сөзіміздің дәлеліндей сөз өнеріндегі тарихи тақырыптағы романдар қатарының өскендігі, ондағы тарихи жайттар мен тарихи тұлғаларымыздың көркем бейнесінің жасалуы жаңаша сипатта болғанын көреміз. Тарихи роман жайынан жазылған зерттеу еңбектер мен тарихи романға жазылған сын-пікірлерді саралай отырып, жаңа дәуірдегі романның идеялық-мазмұндық ізденістері жаңа сатыға көтерілгені де айқын. Әуелі роман тарихы бастауынан бермен қазақ романы, ондағы идея жөніндегі пікірлерге кішкене тоқталып, тарихи романдардағы өмір шындығы мен тарихи шындықтың тәуелсіз елдің жазушылары қаламына іліккеннен кейінгі авторлық идеяны жеткізуге, шығарманың көркемдік қуатына тигізер әсеріне романдарды талдау барысында ғана көз жетпек.

Қазақ романы өз бастауынан бері роман тарихы қалай, роман жазудағы мақсұд не деген сауалдарға жауап іздеумен, сондай-ақ, әр заман тұрғысынан баға берумен келе жатқаны аян. Қай кез болмасын өз тұсынан қарап, бір тарапта бағалау басымдығына ие болу мүмкіндігі өзге тараптарға қарағанда бөлек және шындыққа жанасымды келетіні. Олай болмағы сана шектеулілігі, адамның қабылдау еркіндігінің мүмкіндік шеңберінің ішін қамти отырып, көз аясына сыйған дүниені қабыл етуі, оның тысына ой көзін салуынан.

Қазақ арасында алғаш роман жайынан мағлұмат берген жазбалар ХХ ғасыр басына тиесілі екендігі айтылады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 67 санында Әлихан Бөкейханов «Роман не нәрсе» деген тақырыппен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалына» жазған сын ретіндегі мақаласында: «Роман деген сөздің

мағынасы мынау. Осыдан 150 жыл соң Италия французды билеп тұрған замандағы екі тіл қатысып, ортадан дара роман тілі туған. Осы тілменен француз жазушылары сол заманның кемшілік, таршылығын көрсетіп кітап жазған һәм кітаптарын роман тілімен жазған үшін «Роман» деп атаған. Сонан бері міні 18 ғасыр (ғасыр – жүз жыл) осы мақсұд, осы мағнамен һәр нәсілдегі, һәр діндегі халықтар өз өмірлерін, өз ана тілінде жазып келе жатыр. Сол жазған кітаптарын «роман» деп атап кетті» (Bokeykhan, 1995: 329) деген болатын. Мақалада роман жазудың пайда болған алғашқы дәуірлеріне назар аударылып, роман жазудағы мақсұд – әр бір жазушының өз заманындағы халықтың кемшілік, таршылығын көрсету екендігі аталып өтеді. Сонан кейінгі мақсұд «романның асыл мақсұды: адамзаттың мінез-хұлқын түзетпек, кемшілікті, қараңғылықты адамзаттан қумақ. Мұнан мұрад, ол адам баласына үйретінді үлгі, тәрбие бермек» (Bokeykhan, 1995: 330) делінген. Яғни, адамзаттың тәлім-тәрбиелік мәні басым туындылары қатарында аталып отырғанын көруге болады. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейханов бұл мақалада романның ішкі мағнасы не, адамды тәрбиелеу жолдары қандай, «роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна» (Bokeykhan, 1995: 330) екендігі де сөз етіледі. Осы мәселелер төңірегіндегі ой-жүйеден кейін, қазақ арасындағы алғашқы роман деп таныған М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» жайлы пікірлерін ортаға салады.

Бұл қазақ романы тарихындағы бір ғана мысал. Бұдан өзге қазақ романы жайлы жазылған әрбір мақалада, әрбір еңбекте қай кез болмасын сол кездің идеялық мұраттары алғы орында көрініп отырады. Мұны әдебиет теориясынан жазылған еңбектер де атап көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» роман суреттеп отырған заман жайы туралы айтқанда «роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені, кішісі бар, жақсы, жаманы бар, байы, кедейі, төресі, қарасы бар, жасы, кәрісі бар – не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйініп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық, қысқасы, иә бүтін бір жұрттың, яки жұрттың бүтін бір табының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, алдыңнан өткізеді» (Baytursynov, 1991: 448) дейді. Осындағы А. Байтұрсынов атаған адамдардың «іздегені, тілегені, именіп, күйзелгені, жақтырып, жиренгені, сүйініп, күйінгені» уақыт тұрғысынан алып қарағанда,

сол заманның мұрадынан, мақсұдынан туындап жататыны түсінікті болса керек. Демек, қай шығарманы оқымайық, кездесеріміз суреттеліп отырған заманның идеалдары екендігі рас болмақ.

Әдебиеттанушы ғалым Қ. Жұмалиевтің 1942 жылы шыққан «Әдебиет теориясы» оқулығында «тақырып деген ұғымның сыртқы мағнасы да, ішкі мағнасы бар. Біз шығарманың тақырыбы дегенде, шығармадағы суреттелген құбылысты ұғамыз» (Zhumaliyev, 1942: 37) дегені, сондай-ақ, «жазушы әртүрлі әлеуметтік ортаны, тарихи ортаны көрсеткенде, оларды белгілі бір жағынан алып көрсетеді. Сондықтан біз шығарманың тақырыбы туралы әңгіме қозғағанда оны жай ғана алынып, суреттей салған өмір құбылысының жыйынтығы деп қарамаймыз, жазушының сол өмір құбылыстарындағы жыйынтықтардың қайсысын бірінші орынға қоятынын білуіміз керек» (Zhumaliyev, 1942: 38) деуі, бізді тағы да шығарма идеясына алып келеді. Яғни, ғалымның «шығарманың тақырыбын шығарманың идеясынан бөліп қарауға болмайды. Жазушының шығарманы не турада жазуын тақырыбы десек, шығармадағы суреттелген өмір құбылыстарына оның өз көзқарасы, қалай бағалаушылығы шығарманың идеясы болмақ» (Zhumaliyev, 2013: 34) дегенінің негізінде «ал қандай идеяны үндеуі жазушының өмірге көзқарасына, дүние танушылығына негізделінеді» (Zhumaliyev, 2013: 34) деген пікірінің жатқаны анық.

XX ғасырдың басы қоғамдық құрылыстың қайта құрылуы, ендігі беталыстың жаңа бағытта жүруі, адамзат мұраттарының белгілі топ мүддесі тұрғысынан сараланып, қаралатыны көрінді. Бүгін сол әдеби мұраларымызды қарай отырып, кездескен жайларымыз, әдеби айтыстар, пікір алмасулар бәрі де жаңа құрылып жатқан қоғамдық құрылыстың, таптық көзқарастардың жетегінде кеткені аңдалады. Мұны қарастыру себебіміз, сол тұста жарық көрген мақалаларда, әдебиеттің бағыты қалай, келер күні қай бағытта дамуы керек, таптық идеяға қызмет ете ме, етсе түрі қандай болмақ, секілді орыс әдебиеті үлгілерінен мысалдар, саяси ұстанымдар төңірегінде ой бөлісулердің негізінде заман тудырған идеалдардың, алдыңғы толқынға қалай қарауы, сонымен қатар, тұрмыстың әр саласы мен мәдениеттің, өнердің салаларында да үстемдікке жетіп, өз идеалдарын тану сипаттары көрініп жатты. Олай болмағы, тап мүддесінен тысқары жатқанымен де, тұрмыстың қай тармағы болмасын, халықтың қай тобы болма-

сын, ақыл-ойы бір мақсат, бір мүддеде тоғысып, ел тілегінің бір болуы болғанынан.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы көркем әдебиет төңірегінде туындаған айтыстардың барлығы да өзінің идеясы, мазмұны жағынан жаңа құрылған қоғамдық құрылыстың идеяларымен қабысу-қабыспауы жөнінен бөлектеніп тұратын. Мұны сол кездегі Сәбит Мұқановтың, Қошке Кемелгеровтың, Смағұл Садуақасовтың, Әмина Мәметованың, Жәкен Сәрсембіұлының мақалаларынан айқын аңдауға болады. «Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» (С. Мұқанов) аталған қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы үлгілері қазан төңкерісінен кейін, кеңес тәртібі орнағаннан соң айыпталып, ендігі көшке ілесу, жаңа бағыт ұстану шарттары күн тәртібіне шығып, басым сипатқа ие болды. «Адам баласының өркендеу дәуірінде тапқан табысымен толық пайдаланбай, сол табыстарды өз тілегіне үйлестіріп іске асырмай, пролетариат мәдениетін жасауға болмайды» (Mukhanov, 2008: 8) делінген Ленин сөзін аударып С. Мұқанов ұлтшыл, байшыл дәуір әдебиетін зерттеу қажеттілігін негіздейді. Осы сөздегі «пролетариат мәдениетін жасау» жөніндегі сөзді алып тастасақ, қоғамдық құрылыстың қай түрі болмасын, тұрмыстың қай саласы болмасын, жеткен жетістіктің көрінуі даму жолының барысында ескеріліп, жаңа белестерге жол тартары анық. Әдебиет тарихын негіздеуде С.Мұқановтың пролетариат пікірін «үстем тап өмірдің барлық саласында үстем болуы шарт» түсінігімен бағалауды алғы орынға қойғанын айтып өтеді. Ал өз ұстанымына адал, пікірінде нық қаламгер ретінде С. Мұқанов әдебиетімізде өз бағасын алғаны анық. «Советтік қоғам жаңа орнап жатқан кезде революцияшыл әдебиеттің туын көтеруші Сәкен Сейфуллинге сенімді серік болған, жаңа заманды қабылдамаған ақын-жазушылардың әдебиет әлеміндегі ықпалымен бел шешіп күрескен, идеялық позициясы мықты да тұрақты жазушы екеу болса, бірі С.Мұқанов екені даусыз» (Mukhanov, 2008: 3) деген Т. Кәкішұлы мен К. Ахметтің «Халық жадын жаңғырту» алғы сөзінде. Заман желінің қай бағытта соғары сол дәуір тұлғаларының ой-пікірі мен негізгі идеялық ұстанымдарына байланысты екені білінеді.

### Талқылау

Уақыт талабы мен қаламгер мұраттарының жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар төңірегінде

түйісуі көркемдік ізденістердің сан қырын танытады. Ол қаламгер шыққан халықтың сол уақыттағы тұрмысына, басты идеяларына қатысты даму жолын өткізеді.

Халық өнері әр заман өз елінің көркемдікке құштар көңілінен, өнерпазының шеберлігінен туып, дамып отырған. Көркемдіктің бір түрін сөз өнерінен табамыз. Сөз өнері – «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақта алдыңғы қатарлы өнер. Әдебиетте халықтық дәстүрлердің сақталу жолы – халық ауыз әдебиетінде. Бертінгі ғасырларда жазба әдебиетіміздің үлгілерінде.

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының XX ғасырдағы жайы туралы «қазақ әдебиеттануындағы әңгімелердің де әріден басталатын өзіндік тарихы бар. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде романның қоғамдық санағы эсері, тәрбиелік, танымдық мәні, өнер ішіндегі орны туралы пікірлер айтылады. Ағартушы, демократтық идеяларды таратудағы рөлі көрсетіледі. Роман теориясына қатысты байсалды пікір Ә. Бөкейханов еңбектерінде, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» бар. Онда ең маңыздысы – романның қазақ әдебиетіндегі ерекшелігі де ескеріледі. Жиырма-сыншы жылдар ішінде «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Мұғалім», «Жаңа әдебиет» т.б. газет-журналдар мен «Жыл құсы» альманағы бетіндегі әдеби-сын мақалаларда, «Әдебиет және сын мәселелері» тәрізді (Ғ. Тоғжанов) еңбектерде, әдеби тартыстарда романның тақырыптық-идеялық мазмұны, бас қаһарманы туралы талай пікірлер айтылады» (Bisengali, 2010: 4-5) дейді әдебиеттанушы ғалым З. Бисенғали. Сол қадамдардың жалғасы бүгінгі сөз өнеріндегі романдар екені даусыз. Романдардың әр заман қай бағытта бағалануы, сол уақыттағы үстем пікірлер төңірегінде болатындығын біздің тарихымыз, сөз өнері үлгілері біршама дәлелдейді.

Қазақ романы жайынан зерттеу жұмыстары жүргізілуі XX ғасыр басынан екендігі белгілі. Қай кездің, қай заманның болмасын өз идеялы болғандай, сол уақыттың жазбаларын идеялық жағынан да зерттеуге тура келері анық. Мұны бірде жанама, бірде тікелей зерттеу нысанына алынып отырғанын қазақ әдебиеттануы дереккөздеріне сүйене отырып айтуға негіз бар.

Қазақ әдебиетіндегі роман жанры туралы сын-пікірлер, зерттеу мақалалар мен еңбектер XX ғасыр басынан бері қарайғы уақытта әдебиеттану ғылымының аясында жарық көріп келеді. Атап айтқанда, Ә. Бөкейхановтың «Ро-



ман деген не?» (1914), «Роман бәйгесі» (1915), А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926), Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1967), Е. Исмайыловтың «Әдебиет теориясы мәселелері», Б. Шалабаевтың «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы», Р. Бердібаевтың «Қазақ тарихи романы», «Роман және заман», М. Хасеновтің «Ұнамды образ және типтендіру», Ш.Елеуекеновтің «Казахский роман и современность», «От фольклора до романа-эпопеи», «Тәуелсіз елдің еркін тынысты прозасы» (2006), «Тарихи романның жаңа өрісі» (2009), «Тәуелсіздік көзімен: ХХІ ғасыр тарихи роман үрдістері», «Тәуелсіздік дәуір романы» (2014), М. Атымұраттың «Идея және композиция» (1970), «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет пен композиция мәселесі» (1978), З. Ахметовтің «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), Т. Сыдықовтың «Қазақ тарихи романы» (1996), «Қазақ тарихи романының көркемдік тіні» (1998). Ж. Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «Жазушы еңбегі» (2001), З. Бисенғалидің «ХХ ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), М.Хамзиннің «60–80-жылдардағы қазақ романы (стиль және типология мәселелері)» (1997), «Қазіргі қазақ романы» (2001). Т. Рахымжановтың «Романның көркемдік әлемі» (1997), Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), Г. Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (2003), Ж. Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» (2009), М. Әйтмұраттың «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық және көркемдік шешім» (2008), Н. Ақыш «Заманауи тақырыптағы романдар» (2011), «Мемуарлық, өмірбаяндық романдағы тың ізденістер» (2009), А. Қалиева «Жаңа Қазақстандық романдар» (2014) еңбектерінде, мақалаларында, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 томдық), «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» (2009), «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» (8-кітап, 2011), «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» (2014) секілді ұжымдық монографиялар мен жинақтарда қазақ романының түрлі өзекті мәселелері қарастырылды.

Қазақстан тәуелсіз ел болғалы жазылған шығармалардың негізгі идеясы – азаттық үшін жан берген бабалар ерлігін үлгі ету, бүгінгі тұрмыстағы ел салтына жат қылықтарға ұлттық салт арқылы тосқауыл қою, ұлттық сипатты сақтап қалу жолында дәстүрді дәріптеу болып отыр. Осы жайлардың қазақ қаламгерлері тарапынан шығарма өзегіне айналуы қазақ романындағы басты ізденістердің бірі.

### Қорытынды

Ел тәуелсіздігі жылдары қазақ романы идеялық-мазмұндық, тақырыптық тұрғыдан жаңашыл ізденістерімен көзге түсті. Әдебиеттану ғылымында бүгінгі қазақ романы жайлы көптеген зерттеу, талдау жұмыстары жүргізіліп, жарық көрді. Бастылары қатарында Ш. Елеуекенов «Тәуелсіз елдің еркін тынысты прозасы», «Тарихи романның жаңа өрісі», «Тәуелсіздік көзімен: ХХІ ғасыр тарихи роман үрдістері», «Тәуелсіздік дәуір романы», Н. Ақыш «Заманауи тақырыптағы романдар», «Қазақ мемуарлық романы», А. Қалиева «Жаңа Қазақстандық романдар», тағы түрлі ұжымдық монографияларға енген мақалаларды атап өтуге болады.

Бұл мақалалардың басым бөлігі руханият төңірегіндегі роман ізденістеріне көңіл бөледі.

Бүгінгі күні қазақ романы өзінің биігінде сан түрлі ізденістер мен сан тарау жолдарда өз мүмкіндіктерін көрсетіп келеді. Әлемдік үлгі мен жазушының қаламына тән ерекшеліктердің азат қоғамда еркін тыныстауы да жанрдың жаңашылдыққа теріс қарамайтынын, талғамға сай түрлене алатынын көрсетіп отыр.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романының идеялық-мазмұндық ізденістері бүгінгі таңдағы қаламгерлеріміздің кең құлашты жанрдың қыр-сырына қанып, заманымыздың келбетін көрсетуде тиімді жол тапқанының куәсі болуымызға себеп.

Қазақ романының тәуелсіздік жылдарындағы тақырып аясының кеңіп, қоғамдық мәселелерді қозғауы да өз кезегінде тарихи уақыт кеңістігіндегі еліміздің болашағына алаңдаулы үміттің бір көрінісі екендігі анық.

### Әдебиеттер

Бөкейхан Ә. Роман не нәрсе. Кітапта: Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 480 б. – Б. 329-330.

Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Кітапта: Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған: Р. Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б. – Б. 340-461.

Жұмалиев Х. Әдебиет теориясы. 8-9-10 кластар арналған. 5-басылуы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы, 1942. – 176 б.

Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Кітапта: Классикалық зерттеулер: көп томдық. 15-том: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы (1960-1970 жж.) – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 412 б. – Б. 24-146.

Мүқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім: ұлтшылдық, байшылық дәуірі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.

Бисенғали З. Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында. 2-кітап. Зерттеу. – Алматы: Арыс, 2010. – 296 б.

### References

Baytursynov A. (1991). Adebietet tanytqysh. [Literary theory]. In the book: Baytursynov A. Aq zhol. [White way] Almaty: Zhalyn. 464 p. (in Kazakh)

Bisengali Z. (2010). Qazaq prozasy: XX gasyr basy. [Kazakh prose: The beginning of the twentieth century]. Almaty: Arys. 296 p. (in Kazakh)

Bokeykhan A. (1995). Roman ne narse? [What is novel?]. In the book: Bokeykhan A. Tangdamaly. [Selected works] Almaty: Kazakh entsiklopediyasy. 480 p. (in Kazakh)

Mukhanov S. (2008). XX gasyrdagy qazaqadebiyeti. I bolim. [Kazakh literature of the twentieth century: part 1]. Almaty: Atamura. 384 p. (in Kazakh)

Zhumaliyev Kh. (1942). Adebietet teoriyasy. [Literary theory]. Almaty: Qazaqtyng memlekettik birikken baspasy. 176 p. (in Kazakh)

Zhumaliyev Kh. (2013). Adebietet teoriyasy. [Literary theory]. In the book: Klassikalyq zertteuler. 15-tom. [Classical research: vol. 15] Almaty: Adebietet alemi,. 412 p. (in Kazakh)

## СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ

### 1-бөлім    Раздел 1 Әдебиеттану    Литературоведение

<i>Абдиманұлы О.</i> Традиции и новаторство в казахской художественной прозе .....	4
<i>Абишева У.К.</i> Модель русской провинции в рассказах И. Шмелева.....	9
<i>Баязитов Б.Б., Хуатбекұлы Е.</i> Қазақ романдарындағы ізденістер жайлы зерттеулер .....	15
<i>Бисенбаев П., Дәрібаев С.</i> «Жасауыл қырған» жырындағы дәуір шындығы.....	22
<i>Бисенбаева Ә.П.</i> Биң Шиннің прозалық туындылары .....	28
<i>Dzhalatova Zh.</i> The author and the hero in the prose of M.M. Prishvin .....	34
<i>Какильбаева Э.Т.</i> Личность и творчество Олжаса Сулейменова в современных исследованиях: итоги и перспективы .....	39
<i>Женис Н., Кынова Ж.К.</i> Транскультурный подход в рамках изучения национальной литературы .....	47
<i>Манатбаева Ж.Ж., Сейденова С.Д.</i> Көркем шығармадағы реалиялардың қызметі (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы негізінде) .....	52
<i>Sarsekeyeva N.K., Iskakova A.T.</i> The romantic originality of W. Irving's book «The Alhambra» .....	58
<i>Ыбырайқызы Г.</i> О. Бөкейдің «Атау кере» шығармасындағы герменевтикалық сарындар .....	63
<i>Ысқақұлы С., Шортанбаев Ш.А.</i> Дастан-поэмалардағы дүбірлі дәуір сипаты.....	69
<i>Мирзоева Х.</i> Контаминация в азербайджанских религиозных сказках .....	75

### 2-бөлім    Раздел 2 Тіл білімі    Языкознание

<i>Madiyeva G.B., Rivers W.P., Boribayeva G.A.</i> Metalinguistic reflection of kazakh toponyms .....	82
<i>Әлкебаева Д.А., Ахметқалиева Л.Ж.</i> Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу .....	89
<i>Baisalova Kh.M., Tattimbetova Zh.O.</i> Features of precedent texts in hypertext .....	96
<i>Құлжанова Б.Р., Ильясова Н.Б.</i> Текстология ғылымының өзекті мәселелері .....	102
<i>Медетбекова П.Т., Бектемірова Б.С.</i> мен/бен/пен жалғаулық шылауларының варианттылығы – жалғамалы тілдің белгісі .....	109
<i>Мукаева А.У.</i> Реализация экспрессивной функции аббревиатур в языке французской прессы .....	117
<i>Nurmukhanbetova A.A., Issabayeva B.</i> English as a global language.....	123
<i>Рсалиева Ж.А.</i> Ағылшын, орыс және қазақ тілдері паремиологиялық бірліктерінің семантикалық сипаттамасы («Еңбек – еңбегі жоқтық» тақырыптық тобының материалдары негізінде).....	127

---

## CONTENTS

### Section 1 Literary Criticism

<i>Abdimanuly O.</i> Traditions and innovation in kazakh artistic prose .....	4
<i>Abisheva U.K.</i> A model of Russian province in I. Shmelev stories .....	9
<i>Bayazitov B.B., Huatbekuly E.</i> Investigations on research in kazakh novels .....	15
<i>Bissenbayev P., Daribayev S.</i> The reality of the era in dastan «The Death of Esaul» .....	22
<i>Bissenbayeva A.P.</i> Proximal production Bin Shin .....	28
<i>Dzhalamova Zh.</i> The author and the hero in the prose of M. M. Prishvin .....	34
<i>Kakilbaeva I.T.</i> Olzhas Suleymenov's personality and creativity in modern researches: results and prospects .....	39
<i>Zhenis N., Kiyнова Zh.K.</i> Transcultural approach in the study of national literature .....	47
<i>Manapbayeva Zh.Zh., Seidenova S.D.</i> Functions of realia in fiction (on the basis of Smagul Yelubay's novel 'Ak Boz Uy') .....	52
<i>Sarsekeyeva N.K., Iskakova A.T.</i> The romantic originality of W. Irving's book «The Alhambra» .....	58
<i>Ybyraikyzy G.</i> Hermeneutical motives in the work of Oralhan Bokei «Atau kere» .....	63
<i>Iskakuly S., Shortanbayev Sh.A.</i> Characteristics of a tough epoch in the dastans and epic poems .....	69
<i>Mirzoeva Kh.</i> Contamination in azerbaijani religious tales .....	75

### Section 2 Linguistics

<i>Madiyeva G.B., Rivers W.P., Boribayeva G.A.</i> Metalinguistic reflection of kazakh toponyms .....	82
<i>Alkebaeva D.A., Akhmetkaliyeva L.Zh.</i> The foundations of the pragmatists: thought and speech .....	89
<i>Baisalova Kh.M., Tattimbetova Zh.O.</i> Features of precedent texts in hypertext .....	96
<i>Kulzhanova B.R., Ilyassova N.B.</i> Aktual problems of textology .....	102
<i>Medetbekova P.T., Bektemirova B.S.</i> Variability of copulative conjunctions men/ben/pen - the feature of agglutinative language .....	109
<i>Mukayeva A.U.</i> Implementation of the expressive function of abbreviations in the language of the French press .....	117
<i>Nurmukhanbetova A.A., Issabayeva B.123</i> English as a global language .....	123
<i>Rsaliyeva Zh.A.</i> Semantic characteristics of paremiological units in English, Russian and Kazakh languages (on the material of the thematic group «Labour – idleness») .....	127